

АЛДАТАУ

Ардагері



alm_obl_ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№5 (67) 31 қаңтар 2025 жыл

Газетіміздің осы саны биыл құрылғанына 90 жыл толған Ұйғыр ауданына арналады.

Әкім мінбері

Бота ЕЛЕУСІЗОВА, Ұйғыр ауданының әкімі:

ЖЕРІ СУЛЫ, БАҒЫ НУЛЫ ӨЛКЕ

Биыл құрылғанына 90 жыл толып, өзінің мерейлі мерейтойын жақсы жетістіктерімен қарсы алып отырған Ұйғыр ауданы-Алматы облысында өзіндік орны бар ерекше өңірдің бірі. Жері сулы. Бағы жайқалып тұрған бай өлке десем, артық емес. Қарадала деп аталған осы өңір егістікке, малға қолайлы болғандықтан оның ауылшаруашылығы, оның ішінде бау-бақшасы жақсы дамыған. Басқа жылдарды айтпағанның өзінде 2024 жыл ауданымыз үшін ерекше жыл болып, оның тарихында маңызды әрі жарқын сәттер қалды. Бұл жылда ауданымыз әр түрлі сала бойынша айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізіп, әр тұрғын үшін маңызды жаңалықтармен есте қалды.

Өнеркәсіп өнімдерін өңдеу саласында 2024 жылдың қаңтар-желтоқсан айлары аралығында ауданда 22 млрд. 511,2 млн. теңге өнеркәсіп өнімдері өндіріліп, өткен жылмен салыстырғанда нақты көлем индексі 137,3 пайызды құрады. (2023 жылы 24 518,0 млн. теңге өндірілген болатын).

Инвестиция көлемі 25 млрд. 278,4 млн. теңгеге жетіп, 2023 жылмен салыстырғанда 2 млрд. 521,6 млн. теңгеге артты. Нақты көлем индексі 107,0 пайызды көрсетті (2023 жылы 22 756,8 млн. теңге болған).

Ауданымыз ауылшаруашылыққа бейім өңір болғандықтан бұл салада да бірқатар маңызды шаралар атқарылды. Бау-бақша мен мал шаруашылығы, егістік жерлер мен суармалы жерлерді тиімді игеру бағытында жұмыстар қолға алынды. Аграрлық секторда 50 млрд. 274 млн. теңге көлемінде ауылшаруашылық өнімдері өндірілді. Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 3 млрд. 501 млн. теңгеге азайып, нақты көлем индексі 95,5 пайызды құрады. Ауылшаруашылық техникасын жаңарту да өз нәтижесін берді. Биыл 504,2 млн теңгеге 38 трактор және 16 ауылшаруашылығы тіркемесі сатып алынды.



Сонымен қатар, ауданымызда ішкі көшелерді күрделі жөндеу жұмыстары да жүргізіліп, 2024 жылы ауыл ішіндегі жолдардың 38 пайызынан астамы толық жөнделді. Келесі жылы бұл бағытта тағы 1,5 млрд. теңге қарастырылып, жұмыстар жалғасатын болады.

Денсаулық сақтау саласында да айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізілді. «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы шеңберінде Ават, Диірмен және Кіші Дикан ауылдарында дәрігерлік амбулаториялар, Ақтам, Дардамты, Шырын ауылдарында фельдшерлік амбулаториялық пункттер салынып жатыр. Сонымен қатар, аудандық орталық ауруханада компьютерлік томография аппараты жаңартылып, жаңа медициналық жабдықтар сатып алынды.

Халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында да бірқатар жұмыстар атқарылды. Ават ауылына су құбыры



құрылыс жұмыстары аяқталды. Сүмбе ауылындағы сумен жабдықтау жүйесінің құрылысына қажетті қаражат бөлініп, құрылыс жұмыстары ағымдағы жылдың мамыр айында аяқталуы жоспарланып отыр.

2024 жылы жалпы құрылыс жұмыстарының көлемі 13 млрд. 416 млн. теңгеге жетіп, нақты көлем индексі 131,2 пайызды көрсетті. Бұдан басқа, «Халыққа қызмет көрсету орталығының» жаңа ғимаратының іргетасы қаланып, құрылысы жүргізілуде. 2025 жылы қолданысқа берілуі күтілуде.

Әлеуметтік нысандардың қылығу жүйесін газдандыру бойынша 2024 жылдың желтоқсан айында аудан әкімдігінің екі ғимараты табиғи газға қосылды.

Білім саласына да толағай табысқа толы жыл болды. 2024 жылы ауданымыздың 20 мектебі мен 1 мемлекеттік балабақшаның қазандықтары жаңартылды. Оқушылар түрлі олимпиадалар мен байқауларда жақсы нәтижелер көрсетті. Мысалы, 2024 жылы IV республикалық ауыл олимпиадасында 3 оқушы I орын, 2 оқушы II орын, 2 оқушы III орын жеңіп алды. Ал Қытай Халық Республикасында өткен халықаралық байқауда №1 Шонжы орта мектеп-лицейінің оқушылары Global Spirit Award кубогын иеленді.

Ел Президентінің тапсырмасымен бастау алған «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы да өңірімізде өз нәтижесін берді. Барлық мемлекеттік мекемелер, ауылдық округтер мен аудан тұрғындары белсене атсалысып, қоршаған ортаны қорғау мен тазалық жұмыстарын жүргізді.

Ауданымызда 2024 жылы әр түрлі деңгейде бірнеше сайлау науқаны өтіп, тұрғындарымыз өз таңдауларын жасап, мемлекет саясатына белсене араласты. Осы жылдың ішінде менің жеке қабылдауымда 218 азамат болды. Сонымен қатар, халықпен тұрақты есепті кездесулер өткізіліп, 154 өзекті мәселе бойынша іс-қимыл жоспары жасалып, тиісті шаралар қабылданды.

Жалпы, 2024 жыл ауданымыздың дамуына айтарлықтай үлес қосты. Қоғамдық өмірдің барлық салаларында жетістіктерге жетіп, көптеген маңызды жобалар іске асырылды. Аудан тұрғындары үшін жарқын жыл болды және алдағы уақытта да бұл жетістіктер одан әрі жалғаса бермек.

Деректер мен цифрлар

ТАРИХ СЫР ШЕРТЕДІ

Ұйғыр ауданы Қазақстан Орталық атқару комитетінің 1935 жылғы 09 қаңтардағы қаулысымен құрылған. 1935 жылғы ақпан айындағы Алматы облыстық коммунистік большевиктер партиясы бюросының шешімімен және Алматы облыстық атқару комитетінің 1935 жылғы 10 ақпандағы қаулысымен Ұйғыр ауданының құрамына Жаркент ауданынан Ават, Ақтам, Үлкен Ақсу, Үлкен Дихан, Дардамты, Добын, Кетмен, Қалжат, Кіші Ақсу, Кіші Дихан, Тасқарасу, Тиірмен, Шарын, Шонжы, Сұңқар ауылдық кеңестері, Кеген ауданынан Бірлік Сүмбе, Бөдеті, Пияздық, Тоғызбұлақ ауылдық кеңестері енгізілген.

Ауданның орталығы болып Добын ауылы белгіленген. Жаңа құрылған ауданның атқару комитетінің төрағасы болып Кама Ахунов, Қазақстан коммунистік партиясы Ұйғыр аудандық комитетінің бірінші хатшысы болып Ибрагимов Маруп сайланған. Жаңа ауданның құрылуымен бірге ауданда жер комитеті, халыққа білім беру бөлімі, есептеу бөлімі, ауылшаруашылығының есептеу бөлімі, банк, аудандық халық соты, аудандық прокуратура, қаржы бөлімі, байланыс жүйесі, денсаулық сақтау бөлімі ашылған.

1935-1946 жылдары халыққа білім беру бөлімі негізінде Подгорное, Қалжат, Үлкен Ақсу ауылдарында орта мектептер, Ават, Тиірмен, Шарын, Шонжы, Кетпен, Добын, Сұңқар, Тасқарасу, Сүмбе ауылдарында 7 жылдық, Кіші Ақсу, Ақтам, Дардамты, Кеңес, Сарытоғай, Сарбұлақ, Қызыл Ту, Кеңлік ауылдарында бастауыш мектептер ашылған. Алматы облыстық атқару комитеті төралқасының 1936 жылғы 27-ші шілдедегі қаулысымен аудан орталығы Үлкен Ақсу ауылына көшірілген.

1937-1946 жылдары колхоздарды ірілендіру жұмыстары жүргізіліп, аудандағы колхоздардың саны 27 болған. 1938 жылдан бастап жергілікті халықтың әлеуметтік жағдайын арттыру мақсатында ауданда «Ақтас» өнеркәсіп артели ашылып, тұз, әк, құм, кірпіш және құрылыс материалдарын дайындау жұмысын бастаған. Ауданда 1939 жылдан бастап Іле орман шаруашылығы өз жұмысын бастаған.

Ұйғыр аудандық коммунистік (большевиктер) партиясы мен Ұйғыр аудандық атқару комитетінің 1940 жылғы 11 мамырдағы бірлескен мәжілісінің қаулысымен аудан орталығы Подгорное ауылына көшірілген. Қазақстан коммунистік партиясы Ұйғыр аудандық комитетінің бірінші хатшысы болып Дуспаев Утебай Мерғалиевич сайланған.

1940 жылы еңбекшілер депутаттары жергілікті кеңесінің сайлауында Ұйғыр аудандық кеңесіне 25 депутат, оның 8-і қазақ, 12-сі ұйғыр, 5-еуі орыс, ал ауылдық кеңестеріне 201 депутат сайланған. Олардың 53-і әйел, 50-і қазақ, 126-сы ұйғыр, 25-і орыс ұлтының өкілдері болған. Алматы облыстық кеңесіне Кетпен сайлау округінен Тохметов Мансұр, Подгорное сайлау округінен Кокумов Абай депутат болып сайланған.

1940 жылы ауданда 35 диірмен, 35 теміршілік цехы, 4 нан пісіру цехы, аудандық баспахана, машина және трактор жөндейтін цехтар жұмыс істеген. 1940-1943 жылдары аудан жастарының ішінен 80 адам қолөнер, темір жол училищелеріне және фабрика- завод мектептеріне тартылған.

Ұлы Отан соғысы кезінде ауданнан туған жерді неміс-фашистерінен қорғау мақсатында 4461 жауынгер майданға аттанып, 1800-ге жуығы соғыс даласында ерлікпен қаза тапты. Ал қалған 2600-ден аса жауынгер аман-есен туған жеріне оралып, еліміздің өркендеуіне өз үлестерін қосып еңбек етті. Олардың ішінде «Халық Қаһарманы» Мөрдін Тешпов, үш дәрежелі «Даңк» орденінің иегері Стариков Игнат Михайловичпен бірге басқа да жерлестеріміз жанқиярлық еңбектері үшін орден, медальдермен марапатталған.

Бүгінде ауданымызда сол сұрапыл соғыстан аман-есен оралған Кебиrow Алым ақсақалымыз ауданымыздың Бахар ауылында тұрады. Ұлы Отан соғысы кезінде 42 жауынгеріміз офицер шенінде командир болып, ал 5 жауынгеріміз әскери хирург-дәрігер болды.

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1945 жылғы 11 маусымдағы Жарлығымен аудан орталығы Подгорное ауылынан Шонжы ауылына көшірілді. Жалпы аудан құрылған 1935 жылдан бастап Ұйғыр аудандық партия комитетінің бірінші хатшылары болып Ибрагимов Маруп (1935-1938жж), Абдулин Мухпұл Зайналов (1938-1949жж), Дуспаев Утебай Мерғалиевич (1940-1944жж), Раджибаев Юнус Рахметович (1944-1951жж), Темерханов Сембай (1951-1956жж), Танекеев Сайдалием Нысанбаевич (1956-1959жж), Исламов Кентал Бакиевич (1959-1970жж), Арзиев Ашим (1970-1988жж), Розахунов Жәмшит (1988-1991жж), Насыров Муратбек Мырзығұлович (1991-1992жж) жұмыс істеп, ауданның дамуына өз үлестерін қосты.

Аралықта Қазақ КСР Жоғарғы кеңесі Төралқасының Жарлығымен 1963 жылы 02 қаңтарында Ұйғыр ауданы таратылып, оның бар аумағы Панфилов ауданына қосылды, ал Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1964 жылғы 31 желтоқсандағы Жарлығы және облыстық атқару комитетінің 1964 жылғы 23 қазандағы шешімімен Ұйғыр ауданы қайта құрылып, орталығы Шонжы ауылы болды.

Кеңес Одағы тарқап, одақтас республикалар Тәуелсіздіктерін жариялағаннан кейін ауданымызда билік жүргізуші және атқарушы орган аудандық әкімшілік болды, бүгінде аудан бойынша 14 ауылдық округ бар. 1992 жылдан бастап Ұйғыр ауданының әкімі болып Насыров Муратбек Мырзығұлович (1992-1999жж), Тохтасунов Владимир Имтахунович (1999-2007жж), Омаров Коюмчан Аванович (2006-2014жж), Тохтасунов Алимжан Имтахунович (2014-2017жж), Нуракунов Шухрат Турдахунович (2017-2023жж) қызмет атқарды. Елеусізова Бота Серікқызы 2024 жылдан бастап Ұйғыр ауданының әкімі.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Өткен жылдың соңында Ұйғыр ауданының Құрметті азаматы аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ербол Нұрсеитов Қазақстан Республикасы көлік Министрлігінің ЕҢБЕК АРДАГЕРІ медалімен марапатталды. Марапат құтты болсын!



Ұйғыр ауданынан шыққан танымал адамдар



УШУРОВ Армия 07.11.1932 жылы Диірмен ауылында туған. Қаз ССР - ның жеңіл атлетика бойынша бірнеше рет чемпионы және рекордсмені атанған. 1951 жылы 110 метрді тосқауылмен жүгіргенде екі рет рекорд көрсеткен. Қазақ ССР - ның 1957 - 1958 жылдардағы жетекші спортшысы. Халықаралық жарыстарда 11 жыл бойы Қазақ ССР - ның намысын қорғаған. Қазақ ССР бойынша 12 рет жеңіс туын көтерген. Ұйғыр ауданының «Құрметті азаматы», республикамыздың көптеген медальдарының және «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі Орталық Кеңесінің «Құрмет белгісі» төсбелгісінің иегері.



СЕЙТОВА Рахила 1938 жылы дүниеге келген. 1962 жылдан Свердлов атындағы колхозда жүгері өсіру звеносының жетекшісі болып істеген. Жүгері өсіру мен дамытуда жоғары көрсеткіштерге қол жеткізгені үшін 1967 жылы «Социалистік Еңбек Ері» атағын алды. Тоғызыншы бесжылдықтың қорытындысы бойынша Бүкілодақтық социалистік жарыста жеткен жетістіктері үшін (Қазақстан КП Орталық Комитетінің, Қаз. КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының, Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1976 жылғы 16 ақпандағы номері 71 қаулысымен), оның есімі «Қазақ КСР-нің Алтын Құрмет Кітабына» енгізілді. 1975 жылы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды. Ұйғыр ауданының және Алматы облысының «Құрметті азаматы».



ТӨЛЕНДИЕВ Тұрарбек 12.01.1941 жылы Сүмбе ауылында дүниеге келді. Медицина институтының емдеу факультетін бітірген. Еңбек жолын 1969 жылы Шонжы орталық ауруханасында дәрігер қызметінен бастаған. Одан кейінгі жылдары бас дәрігердің орынбасары, Кеген ауданы орталық ауруханасының бас дәрігері, Алматы қаласындағы Каменское плато санаторияның бас дәрігері, Алматы қалалық денсаулық сақтау басқармасы бастығының орынбасары, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі емдеу - сауықтыру орталығының бас дәрігері, республикалық салауатты денсаулық сақтау орталығының бас дәрігері, Республикалық халықтық медицина орталығының бас дәрігері, № 2 қалалық клиникалық ауруханасының бас дәрігері, № 7 қалалық көп салалы мамандандырылған клиникалық ауруханасының бас дәрігері қызметтерін атқарған. «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет» ордендерінің, «ҚР Денсаулық сақтау ісіне сіңірген аса зор еңбегі үшін», «ҚР денсаулық сақтау ісінің үздігі», «Алтын дәрігер» төсбелгісінің иегері. Қазақстан Журналистер одағының мүшесі. 5 кітап, бірнеше әндердің авторы. Алматы қаласы маслихатының бес шақырылым депутаты. Ұйғыр ауданының «Құрметті азаматы».



РЫСМЕНДИЕВ Армен 1940 жылы Сүмбе ауылында дүниеге келді. Медицина ғылымдарының докторы. ҚР Ғылым академиясының мүшесі, ҚР кардиологиялық ғылыми - зерттеу институтының директоры, Денсаулық сақтау кардиологиялық комитетінің мүшесі, Қазақстандағы ғылыми- зерттеу институтының директоры, Қазақстандағы кардиологтар «Жүрек» клиникалық ассоциацияның консулы қызметтерінде болған. АҚШ-тағы кардиологтар алқасы 47-ші сессиясының мүшесі, 1997-1998 жылдары Кембредж және Англиядағы халықаралық адам деп танылған. ТМД елдері кардиологтары ассоциациясының Президенті болып істеген. Алматы қаласында тұрады.



ОРАЛИН Нұрлан Мырқасымұлы 13.07.1947 жылы Үлкен Дихан ауылында туылған. Акын, драматург, қоғам қайраткері. Еңбек жолын 1970 жылы «Қазақстан пионері» газетінде әдеби қызметкер болып коллегиясында редактор, аға редактор, бас редактор, Республикалық қуыршақ театрында бастаған. Одан кейінгі жылдары Қазақстан Республикасы мәдениет министрлігінің репертуалдық - редакциялық директоры, Қазақстан театр қайраткерлері одағы басқармасының бірінші хатшысы, ҚСРО Жоғарғы Кеңесінің Жоғарғы Палатасында ғылым, білім және мәдениет Комитеті төрағасының орынбасары, «Егемен Қазақстан» газетінің бас редакторы, Қазақстан Жазушылары одағы басқармасының бірінші хатшысы және төрағасы қызметтерін атқарған. Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің XIII шақырылым депутаты. Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Алматы қаласының және Алматы облысының «Құрметті азаматы».



БЕКТҰРСЫНОВ Ызғарбек 23.07.1948 жылы Сұңқар ауылында дүниеге келді. Еңбек жолын 1972 жылы XXIII партсъезд атындағы колхозда механик болып бастаған. Кейіннен ауылшаруашылық басқармасының бас инженері, «Октябрь» колхозының төрағасы, аудандық партия комитетінің екінші хатшысы, аудандық атқару комитетінің төрағасы, Күрті аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, Нарынқол аудандық әкімшілігінің басшысы, Райымбек ауданының әкімі, Алматы облысы әкімінің кеңесшісі, облыстық жұмыспен қамту орталығы еңбек биржасының бастығы, Алматы облыстық еңбек және жұмыспен қамту басқармасы бастығының орынбасары, облыс әкімі аппаратының ауылшаруашылық бөлімінің меңгерушісі, Жамбыл облысы әкімі аппаратының агроөнеркәсіп кешені және қоршаған ортаны қорғау бөлімінің меңгерушісі, облыстық табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу департаментінің директоры, Алматы облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы қызметтерінде болды. Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің XII шақырылған сессиясының депутаты, Алматы облыстық маслихат депутаты. Ұйғыр, Балқаш, Райымбек аудандары мен Алматы облысының «Құрметті азаматы», «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі Орталық Кеңесінің «Құрмет белгісі» төсбелгісімен марапатталған. «Құрмет», «Парасат» ордендері мен бірнеше медальдарының иегері.



ТҰРЫС Бекжан Асаубайұлы 1965 жылы Шошанай ауылында дүниеге келді. 1991 жылы Қазақ ұлттық өнер академиясын бітірген. Сол жылдан бастап Қазақ академиялық драма театрында актер. «Жетпіс жеті күн», «Ұят болмасын», «Еркектің аты ерек» теле бағдарламалары арқылы көпшілікке кеңінен танымал болды. Мемлекеттік «Дарын» сыйлығының иегері. Қазақстанның еңбек сіңірген Мәдениет қайраткері. Ұйғыр ауданының және Алматы облысының «Құрметті азаматы».

Аудандық ұйымдарда

Ардагерлер ұйымы республикалық қоғамдық бірлестігі Ұйғыр аудандық филиалы 1987 жылдан бастап басқа да қоғамдық ұйымдармен бірлесіп жұмыс істеп келеді. Әр жылдары аудандық филиалдың төрағалары болып С.Абрамов, З. Палтаев, А. Рахмаев, Н.Сейтов, Ә. Есуянов сынды азаматтар қызмет еткен. Аудандық ардагерлер ұйымы өз жұмысын облыстық ардагерлер ұйымының жұмыс жоспарына сай жасап, бекітілген жұмыс жоспары бойынша атқарып келеді.

Тиісті жұмыс жалғасын таппақ

Аудандық ардагерлер ұйымының жұмысында белсенділік танытып жүрген 2 ардагеріміз «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі орталық кеңестің «Құрмет белгісі», 4 ардагеріміз «Алматы облысының құрметті ардагері» төсбелгілерінің иегерлері аталды. Облыс тарапынан жыл сайын ардагер-зейнеткерлер арасында ұйымдастырылып отырған «Ата-баба дәстүрі-ұрпаққа аманат», батагөйлер, көркемөнерпаздар арасындағы

рын және кәсіпкер Якупов Раминді атап өту орынды. Аталған газетімізге тұрақты түрде мақала жазып отыруда аудандық ардагерлер ұйымының алқа мүшесі Сартолова Раяға алғысымыз шексіз.

«Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Ұйғыр аудандық филиалы «Алатау жастары» аудандық филиалымен тығыз қарым-қатынас орнатып, бірлесіп жұмыс жүргізеді. Өткен жылы жастарды спортқа баулу, олардың арасы-



және спорттың шахмат, дойбы түрлерінен өткізілетін байқауларына тұрақты түрде қатысады. Сонымен бірге аудан көлемінде өткізілетін іс-шаралар мен аудандық кітапхана тарапынан ұйымдастырылатын іс-шараларға тұрақты түрде қатысып, өз ойлары мен тілектерін айтып келеді. Жылына бір рет аталып өтетін «Қарттар күні» қарсаңында мекеме, ұйым басшыларына телефонхат жіберіп, сол ұжымдарда бұрын жұмыс істеп, зейнеткерлік демалыста жүрген ардагерлерді шақырып, мекеменің бүгінгі жағдайымен таныстырумен бірге қариялардың талап-тілектерін тындап, ой бөлісеміз. Өткізілген іс-шаралар аудандық «Іле өңірі - Или вадиси», «Қарадала тынысы - Қарадала нәпәсі» газеттерінде жарияланып тұрады.



да құқық бұзушылықтың алдын алу бағытында тиісті жұмыстар жүзеге асырылды. Аудандық ардагерлер кеңесі жасөспірімді имандылыққа баулу, олардың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру, байырғы салт-дәстүрді құрметтеу мақсатындағы жұмысын алдағы уақытта да жалғастыратын болады. Осы жылы құрылғанына 90 жыл толатын Ұйғыр ауданының күні мен Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығын лайықты қарсы алу үшін тиісті жұмыс жоспарын бекітіп, бірқатар шараларды жүзеге асырмақшы.

«Ардагерлер ұйымы» РҚБ Ұйғыр аудандық филиалы.

Қоғамдық ұйым

Жаңа жылдың қарсаңында Ұйғыр ауданы әкімшілігінің мәжіліс залында аудан әкімі Б.Серікқызы, аудан әкімінің орынбасары Е.Толымбекұлы, облыстық ардагерлер ұйымының төрағасы Е.Тұрымбетов пен оның орынбасары И.Сүгіровтың қатысуымен «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі жанынан «Асыл ана» қоғамдық бірлестігін құру, оның Пленум және Президиум мүшелерін сайлау жөнінде жиын болып өтті.

Аналар бірлестігінде өткен жиын



Жиын барысында аудандағы барлық ауылдық округтерде «Асыл ана» ҚБ-інің құрылғаны, ендігі кезекте аудандық ұйымды құру керектігі айтылып, нәтижесінде «Ардагерлер ұйымы» РҚБ жанынан «Асыл ана» ҚБ құрылды. Оның Пленум мүшелігіне 25, Президиум мүшелігіне 11 адам сайланды. Олар аудан көлемінде атқарған жұмыстарының, отбасындағы тәрбиелілігінің, ел арасындағы сыйластығының нәтижесінде сайланды.

2024 жылдың 26-шы желтоқсанында өткізіп, онда «Асыл ана» ҚБ-нің Ережесі таныстырылды және әр алқа мүшелерінің атқаратын жұмыстары, алдағы уақытта істелінетін жұмыстар, «Алатау ардагері» газетіне жазылу барысы, сондай-ақ облыстық ардагерлер ұйымында «Асыл ана» ҚБ туралы айтылған ұсыныстар талқыланды.

Жаңа жыл қарсаңында осы ұйымның мүшелері көп балалы аналарға, жалғызбасты қарттарға тиісті көмектерін көрсетіп, сый-сияпаттарын жасады. Алдағы уақыттарды ұйым жұмысы өзі белгілеген жоспарға сай жүретін болады. «Асыл ана» ҚБ өзінің алғашқы бас қосуын

Өз тілімізден.

Жаныңда жүр жақсы адам

Өмірі еңбекпен орнектелген

Оның басынан кешкен өмір сабағының өзі-үлкен мектеп. Ол өмір сырын ерте ұқты. Ұққаны сол, өмір кірпішінің шетінен ұстап, қоғам қабырғасын қаласуға жасынан белсене араласты. Қандай жағдай болмасын адамның өз кейпін сақтау, жұрт сеніміне ие болу, оны қатарға қосатын алға қойған мақсатының негізі ғой. Мақсатына жетіп, заман, қоғам, уақыт алдындағы шынайы жауапкершілігін сезіну тұрғысында үнемі өз биігінен түспей келе жатқан Рая Әбілжанқызының өмір жолы кімге болса да үлгі-өнеге. Туған жерінің өсіп-өркеюіне, гүлденуіне, әсіресе білім саласының заман талабына сай дамуына зор үлес қосқан Рая Сартолова зейнет жасында болса да қоғамдық жұмыстарға белсене қатысады. Ол қашан да жастарға жөн сілтеп, жол көрсетіп, оларды отансүйгіштікке, имандылыққа тәрбиелеу мақсатындағы игі шараларды ұйымдастырудан жалыққан емес.

Із әр адамның өткен өмірі, істеген ісі болады. Өмір адамға бір-ақ рет берілетін баға жетпес қымбат сый ғой. Осы сөздің астарында үлкен мағына, терең сыр жатыр. Өмір жолын адал еңбекпен, биік жауапкершілікпен өрнектей білген Рая Әбілжанқызы 1959 жылы 21 қыркүйек күні ақындар мен батырлар, өнерлі адамдар кіндік қаны тамған Шошанайда «қоржын тамда» дүниеге келген. «Балам аман болса, метрке алармыз» деп, ата-ана жүре беріп, құжатты 1960 жылы 28 ақпанда алған. 6 ай, алты күннен кейін алған құжатпен 1966 жылы Шошанай сегізжылдық мектебінің 1-сыныбына барды. Ол үшін алғашқы әріп үйреткен Орынкул апайы мен 1-сынып оқушысы ретінде алғашқы қоңырау соққызған мектеп директоры Сайдахметов Анарбек ағайының орны тым бөлек. Өзі қаншама шәкірт тәрбиеле-се де жоғарыда есімі аталған ұстаздарын жадынан шығарып көрген жоқ. Сол сияқты 8 жылдық мектепте білім берген ұстаздары Қожабеков Әуелхан ағай, Атибеева Жұмахан, математикадан дәріс берген Әділбек, қазақ тілден дәріс берген Майра, орыс тілден үйреткен Нұров Дамир мен Нұржан сынды оқытушылар да мәңгі есінде. 8-сыныпты үздік бітірген Сартолова Рая Жаркент педагогикалық училищесіне ең пәнінен емтихан тапсырып, педучилище студенті атанды. Сол күні анасы Роза Шарубекқызы Ілияс Жансүгіровтің «Құлагер» деген кітабын сыйға тартып, «Құлагердей жүйрік бол» деп батасын берген. 4 жыл еңбек етіп, жазиралы Жаркенттің жүгерісін теріп, 1978 жылы оқу орнын үздік бағаға бітірді.

Мектепте жүргенде әдебиет пен өнерге үйреткен нағашы апасы Жетпісбаева Майра апай болса, Жаркент педагогикалық училищесінде Бекмұқаев Қаби ағай ана тілді сүйеге, сауатты жаза білуге үйретті. Жандары жанатта шалқысын! Рая үшін Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» кітабын 8 рет ерінбей оқып шығу жан азығы болды. Үздік дипломмен қазіргі Әл-Фараби атындағы университеттің заң факультетіне түседі, бірақ ескі әкесі білім қатты ауырып, ауылға қайтуға тура келді. 1978 жылы 18 жаста өзі оқыған Шошанай сегізжылдық мектебіне мұғалім болып орналасады. Бір жыл жұмыс істеп, келесі жылы ҚазПИ-дің тарих факультетіне оқуға түседі. Осы факультетте білім берген

Сексенбаев Оңбай ағай, Жанұзақ Қасымбаев ағай, Адильханов Шәбден ағалар нағыз тарихшылар еді. Ұстаздық өмірінде талай шәкірттерді тәрбиеледі. Еңбегі елеусіз қалған жоқ. 1997 жылы «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің озыты» деген төсбелгімен марапатталды. Бұл марапатқа ерекше қуанған анасы Роза апай болды. Жақсылық көрсе тасымай, жамандық көрсе жасымай жүрген Рая Әбілжанқызының алған марапаттары өте көп. 2017 жылы «Ұйғыр ауданының Құрметті азаматы» төсбелгісімен марапатталды. Алматы облысы ардагерлер ұйымының 30, 35 жылға арналған марапаттарымен марапатталған.

Рая Әбілжанқызы 2004 жылдан 2024 жылға дейін аудандағы ақылды әжелер кеңесін басқарды. Әжелермен талай іс-шаралар өткізіп, байқаларда жеңістерге жетті. 2024 жылы Шәмші ағамыздың әндерінен өткізілген ән байқауында құрбысы Ақтам ауылының әжесі Гүлбархан екеуі дуэт айтып, облыстық байқау жүлдегері атанды. 2022 жылы халықтың әжесі, данышпан басшы Д.Қонаевтың 110 жылдығына орай мерекелік төсбелгісімен марапатталды. Рая Әбілжанқызы меңатан Мұратова Гүлжахан апаймен ақылдаса отырып, баспанасы жоқ 2 адамға үй алуға көмек берді. Гүлжахан апай «қайырымды іс істе, қайыры болады» деген сөзді жиі айтатын еді. Екі адам үй алған жылы «Ақ ниет» төсбелгісін алды. Гүлжахан апамыз Зләхәм хәдәмизбен біріге отырып талай қайырымды істерді жү-



Сексенбаев Оңбай ағай, Жанұзақ Қасымбаев ағай, Адильханов Шәбден ағалар нағыз тарихшылар еді.

Ата-анам «жақсы адам бол, біреудің ала жібін аттама, адал еңбек еткің», -деп ақыл айтатын. «Олардың ақылы менің өмірлік ұстаным», -деп ағынан жырылды ол бізбен әңгімесінде.

Рая Әбілжанқызы Сартолованың көптеген шәкірттері-республикаға, облыс, ауданға әйгілі адамдар. Өзінен кейінгі іні-сіңлілері, келіндері-мұғалімдер. Сартоловтар әулеті-ұстаздар әлемі. Ұстаз-қай кезде де ұлт ертенін қалыптастырар ұлы тұлға. «Өзгенің бақытын аялаған, өзінің уақытын аямаған ұстаз» ғана бала жүрегіне жол тауып, ел мақтанышы болмақ. Бар білімін бала бойына сіңіріп, күні - түні аянбай еңбек еткен Рая Әбілжанқызының бүгінгі жастарға айтары, үйретері әлі де аз емес. Тек, жаратушы иеміз оған ұзақ ғұмыр берсін!

Роза МАРАТҚЫЗЫ.

Ұлттар бірлігі

Достықта жоқ шекара

«Достық – өмір үшін ең қасиетті нәрсе, өйткені ешкім ешқашан да барлық игілікке түгел ие бола тұрса да, дос-жарансыз өмірді қаламақ емес» деп Аристотель данышпан айтқандай, доссыз өмір сүру мүмкін емес.

Кең – байтақ еліміз – Қазақстанда жүзден аса ұлттар тұрып жатыр. Әрине, бұл деген қазақ халқының ұлылығынан, кеңдігінен, кең пейілінен басқа ұлт өкілдерінің тұрып жатқан жайы бар. Сонымен қатар, олардың әрқайсысының қайталанбас діни және материалды мәдениеті, тарихы, салт-дәстүрі бар.

Қазақстан Халықтарының Ассамблеясы Президенттің жарлығы бойынша 1995 жылы 1 наурызда құрылған. 1990 жылы басталған халықтардың ұлттық – салт дәстүрлерін қалыптастыру жұмысына байланысты Қазақстанның түкпір – түкпірінде 352 бөлімшелер бар, 27 республикалық және аймақтық ұлттық бірлестіктер ашылды. Алғаш рет

республикалық көлемде кәріс, неміс, поляк, ұйғырлардың съездері болды. Татарлар мен башқұрттардың құрылтайы, өзбек, ұйғыр, түрік, дүнген, күрт, немістердің мәдени фестивалдары болып, онда олардың мәдени күндері белгіленген.

Біздің ауданда да ұйғырлардың мәдени орталығы жұмыс істейді. Кез келген іс – шарадан сырт қалған емес.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев ел бірлігін, ұлттар достығын ең бірінші кезекке қояды. Өзінің «Ана тілі» газетінің тілшісіне берген сұхбатында «Мен Президент ретінде мемлекет мүддесін басшылыққа алуға, ел бірлігін бәрінен биік қоюға міндеттімін» деген еді. Ел бірлігі артуы керек, оған біз де атсалысуымыз керек. Қырық жылдан аса ұстаз болған ана ретінде, әже ретінде айтатыным елдің бірлігі болуы керек.

Біздің ауданда бірнеше ұлт өкілдері тату-тәтті өмір сүрудеміз. Төсекте басымыз, төскейде малымыз қосылған халықпыз, сондықтан ұлттар арасындағы достықты нығайту – парыз. Өткен ғасырда өмір сүрген атамыз Бұқа-

ра Тышқанбаев пен ұйғыр жазушысы Зия Сәмәдидің арасындағы, алаш ардақтысы, мұзбалақ ақын Мұқағали Мақатаев пен ұйғыр ақыны Илья Бәхтияның арасындағы достық бүгінгі ұрпаққа үлгі болуға тиіс. Қазіргі өзім тұрып жатқан Шонжыда барлық ұлт өкілдері тату – тәтті өмір кешудеміз. Менің ұйғыр, орыс достарым бар, қала жақта татар, түрік, неміс достарым бар. Ташкенттен хабарласып тұратын өзбек құрбым бар. Ұлттың жаманы жоқ, сыйласа біресе бәрі жақсы.

Атақты халық батыры, алаш ардақтысы Бауыржан атамыз: «Ұлтшыл болма, ұлтжанды бол» деген сөзін үнемі жадында ұстайды. Әрбір сөзінде «ұлттың жаманы жоқ, адамның жаманы болады» деген сөзді жиі айтады.

Ұлтаралық қатынасты қолдау кезінде ұлттар арасындағы алауыздық туғызбау жолында істеген ісі үшін «Бейбітшілік әлемі» медалімен марапатталды. «Білім өркениеті» өткізген байқауда «Аяулы ана» орденімен марапатталды. Баспасөзге жазылу науқанына белсене атсалысады. Бес-алты газеттерге өзінің мақалаларын үнемі жолдап отырады. «Алатау ардагері» газетінің барлық нөмерлеріне өзінің мақалаларын жіберуден жалыққан жоқ. Кішіге жол сілтеу, үлкенге ілтипат ету – Рая Әбілжанқызының азаматтық парызы. Жалғыз ұлы Ұланнан екі немере сүйіп, келіні Гүлжанат екеуі ене мен келін арасындағы өнегелі істі көрсетіп келеді. Екі немересі Айбек пен Айгөре – оқу озаттары, апасының көз қуаныштары.

Өзінің бар саналы ғұмырын білім саласына арнап, қырық жылдан аса ұстаз болған Рая Әбілжанқызы үнемі өз ата-анасының тәрбиесі мен тағлымын басқаларға үлгі етіп айтып отырады.

Ата-анам «жақсы адам бол, біреудің ала жібін аттама, адал еңбек еткің», -деп ақыл айтатын. «Олардың ақылы менің өмірлік ұстаным», -деп ағынан жырылды ол бізбен әңгімесінде.

Рая Әбілжанқызы Сартолованың көптеген шәкірттері-республикаға, облыс, ауданға әйгілі адамдар. Өзінен кейінгі іні-сіңлілері, келіндері-мұғалімдер. Сартоловтар әулеті-ұстаздар әлемі. Ұстаз-қай кезде де ұлт ертенін қалыптастырар ұлы тұлға. «Өзгенің бақытын аялаған, өзінің уақытын аямаған ұстаз» ғана бала жүрегіне жол тауып, ел мақтанышы болмақ. Бар білімін бала бойына сіңіріп, күні - түні аянбай еңбек еткен Рая Әбілжанқызының бүгінгі жастарға айтары, үйретері әлі де аз емес. Тек, жаратушы иеміз оған ұзақ ғұмыр берсін!

Роза МАРАТҚЫЗЫ.

Бастауыш ардагерлер ұйымының төрағалары

Меренмов Қалабай - Сүмбе ауылдық округі бастауыш ардагерлер ұйымының төрағасы. Ленин атындағы колхозда электрик, инженер, партком хатшысы, кооператив төрағасы болып қызмет атқарған. Сүмбе ауылдық округінің әкімі болды. Ұйғыр ауданының Құрметті азаматы, Алматы облысының Құрметті ардагері. Ауданда өтетін іс-шараларға ауылдық округ аумағындағы зейнеткер-ардагерлерді үнемі қатыстырып отырады. Қоғам белсендісі. 2023 жылы өткен облыстық батагөйлер сайысында жүлделі 2-ші орын алды.



Ажыбаев Бекет - Ақтам ауылдық округі бастауыш ардагерлер ұйымының төрағасы. Ауылдық округ әкімінің көмегімен ауылдық ардагерлер ұйымына арнайы бөлме жасап, оны қажетті жабдықтармен ардагерлерге арналған түрлі құжаттармен қамтамасыз етуде үлкен еңбек сіңірді және басқа ұйымдарға үлгі болып келеді.




Мамиров Марупжан - Қалжат ауылдық округі бастауыш ардагерлер ұйымының төрағасы. Білімі жоғары, мектеп мұғалімінен директорға дейінгі қызметтерді атқарған. Ауылдық округ әкімі қызметін атқарып, зейнетке шыққан. Округ аумағында басқа да қоғамдық ұйымдармен бірлесе жұмыс атқаруда. Табиғат, туған жер туралы әндері аудандық газет беттерінде жарияланған және арнайы жеке кітап болып та шыққан.



Қасымов Сайдахмет - Шонжы ауылдық округі бастауыш ардагерлер ұйымының және Ақсақалдар кеңесінің төрағасы. Білімі жоғары. Әр жылдары техника жөндеу, газ шаруашылығы мекемелерінде басшылық қызметте болған. Ауданның және Алматы облысының Құрметті азаматы. Аудан орталығында өтетін іс-шараларға Шонжы ауылдық округі аумағындағы мекемелердегі бастауыш ардагерлер ұйымдарының төрағалары белсенді қатыстырады.



Қадыров Тохтахун - Үлкен Ақсу ауылдық округіне қарасты Долайты ауылы бастауыш ардагерлер ұйымының төрағасы. Мамандығы мұғалім, мектепте мұғалімнен мектеп директорылығына дейінгі қызметтерді атқарған. Аудандағы шахмат клубының жетекшісі, қоғам белсендісі. Ауылдағы және ауданда өтетін ардагер - зейнеткерлер арасындағы спорттық сайыстарға белсене қатысады.



Тегеев Руслан - Қырғызсай ауылдық округі бастауыш ардагерлер ұйымының төрағасы. Ауған соғысының ардагері. Халықтың, әсіресе зейнеткер-ардагерлердің мұң-мұқтажын ауыл әкімімен, кәсіпкерлермен, халықпен тіл табыса отырып бірлесе шешуді ұйымдастырып келеді.



Хасьяров Муртуза - Ават ауылдық округі бастауыш ардагерлер ұйымының төрағасы. Білімі жоғары, қарапайым еңбек адамынан мекеме басшылығына дейінгі қызметтерді атқарған, ауылшаруашылығын техникамен жабдықтау мекемесінің басшысы (КСХТ) болған, қоғам белсендісі.



Сатымқұлов Қызыр - Дардамты ауылдық округі бастауыш ардагерлер ұйымының төрағасы. Мамандығы мұғалім. Ардагер-зейнеткерлер арасында өтетін сайыстарға белсенділерді дайындап, қатыстырады.



Рая САРТОЛОВА,
«Асыл ана» қоғамдық ұйымының алқа мүшесі.

Талаптарға нұр жауар

ӨНЕРЛІЛЕР ЖҮЗЕ БЕРСІН ӨР ТАҢДАП

Әрбір адамның жүрек түкпірінде бір сиқыр бар секілді. Бұл ғажайып сырға толы сандықта неше түрлі армандар мен мақсаттар бар десеңші! Ал бұл сандықтың ең түбінде немесе кейде жарық жұлдыздай алға шоқ етіп шығатын бір нәрсе бар. Бұл не деп ойлайсыздар?



Бұл тамаша нәрсенің аты – өнер. Мен өзім өнерді, өнерлі адамдарды жақсы көрем, сыйлаймын. Құрманғазы бабаның күйін, Күләш апаның әнін естіп, өскен ұрпақпыз ғой. Біздің бүгінгі әлемімізде өзінің өнерімен көзге түсіп жүрген жастар бар. Солардың бірі-тәйтәйтәй басып келе жатқан аудандағы «Қарадала театрының» актері Ернат Темірханұлы. Мен алғаш Ернатты КВН ойнап жүргенде көргем. «Тау тарландары» деген топта ойнап, команда чемпионы атанған еді. Бүкіл жұрт КВН тобына жанкүйер болған едік. Болатын бала кіші кезінде көзге түседі. Мектепте оқып жүргенде Ернат Илияс Жансүгіров оқуына қатысып (2009) жылы жарыстан соң оны Талдықорғандағы оқу орнына шақырған, бірақ Ернат оған келіспеген. Бала кезден әдебиет пен өнерге өте жақын болғанын, ұстаздарын Токан Әлібеков ағайы мен Нұрбекова Сүлейхан апайын, Бөкенова Анаргүл апайын ерекше атап, нағыз өнерге баулыған ұстаздарға рахметін жаудырды. Анаргүл апайы айттыса алып келіп Сүмбеден шыққан айтыскер қыз Назирамен айттықанын есіне алды. Айтыс өнерінде өзіне Ринат Зайытовты үлгі тұтатынын жасырған жоқ.



Тоғызқұмалақ ойнағанды өте жақсы көреді екен. Жаркентте құрылыста істеп жүріп тоғызқұмалақтан жарысқа қатысып, жүлделі орын алғанын айтты. Яғни, сегіз қырлы, бір сырлы деген осы емес пе?! Арасында мал дәрігері де болып істепті. Ауыл баласы болғандықтан мал дәрігері болуы да көп қиындық әкелген жоқ. Бәрі бір қанша бойында өнер көп болса да бәрібір театр сахнасына оралу керек бол-

нағашы жұрты өнерден кенде емес. Яғни Ернаттың бойындағы талант – туа біткен талант. Сөз арасында анасының азуы дуалы, көпті өзіне қаратқан адам екенін айта кетті. Аудандағы талант өнерлерін тамашаладық, барлық кезде қатыгез адамның рөлін сомдайды, ол рөл өзіне ұнайтынын айтты, бірақ өмірде өте бауырмал, жүрегі кең, адамдарға жақсылық тілеп тұратын әріптестері Арман, Еркебұлан, Әділет күптай жөнелді. Әке – шешесіне, бауырларына деген құрметі ерекше екені сөзінен-ақ көрініп тұр.

Ернат тек театрда ғана емес, кино өнеріне де қадам басқан. Кинодағы өнерін айта берсек көп. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген сөз бар. Ернат өз балаларын да өзі сияқты жақсы етіп тәрбиелеуде. Жан жары Гүлзира екеуі-екі баланың жанашыры, әке-шешесі. Балаларының өнер адамы емес, спортта жеңіске жеткенін қалайды. Өнердің жолы өте ауыр екенін өз сөзінде айтып өтті. Өнерде аяғын нық басып, басынан қанша қиындық көрсесе де мойымаған Ернат әке-шешенің еселі еңбегін ата-анасының өз құрсағынан шыққан 8 баланың қалай ержеткізгенін маған жүйе-жүйесімен әңгімелеп берді. Өз басым талантты мұқалмаған, өз бауырларына, әке – шешесін жақсы көретін, ұстанымы мықты, еш нәрседен қайтпаған, өнер сүйгіш адамдарды жақсы көрем.

Таланттың өрге жүзсін, Ернат балам! Менің ақ тілегім осы.

Рая САРТОЛОВА,
Ұйғыр ауданының Құрметті азаматы.

Армандастар, құрдастар

ЖАҢА ҰЙЫМ ҚАНАТ ЖАЙЫП КЕЛЕДІ

Алматы облыстық «Алатау жастары» қоғамдық бірлестігінің Ұйғыр аудандық филиалы 2024 жылдың сәуір айында құрылған болатын. Сол уақыттан бері біздің филиал аудандық ардагерлер кеңесі мен облыстық «Алатау жастары» қоғамдық бірлестігімен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істеп, бірқатар шараларды жүзеге асырды. Жастарды отансүйгіштікке баулу, салауатты өмір салтына дағдыландыру, олардың арасындағы құқық бұзушылықтың адын алу бағытында түрлі шаралар ұйымдастырылды. Атап айтсақ, 2024 жылдың шілде айында «Астана күніне» орай Шонжы ауылдық округінде волейболдан ашық турнир өтті.

Спорттық жарысқа қызығушылық танытқан жастар қарасы қалың болды. Турнирге 7 команда өтінім беріп, өзара күш сынасты. Турнир барысында өздерін белсенді көрсеткен жастар сыйлықтармен марапатталды.

2024 жылдың 22-23 қазан күндері Республика күніне орай Ұйғыр ауданы Шонжы ауылының политехникалық колледжінде «Дені саудың жаны сау» атты жастар арасында футболдан жарыс өтті. Жарысқа колледж студенттері және аудан жастарынан 6 команда қатысты. 1-ші орынды 2 курс студенттері алса, 2-ші орынды 3 курс студенттері иеленді. Жарысқа қатысқан жеңімпаз командаларға мадақтамалар және сыйлықтар табысталды.

Кез келген елдің болашағы – халқының денсаулығына байланысты екенін дәлелдеуді қажет



етпейтін шындық. Ал біздің болашақтағы бағытымыз – салауатты өмір салты. «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» деген тәмсілді өсіп келе жатқан ұрпақтың санасына сіңіріп, олардың өз денсаулығына деген жауапкершілікті қалыптастыру-баршаның борышы. Дені саудың – жаны сау. Әрине

денің сау болмаса, рухани сауыға алмасың тағы бесенеден белгілі. Бүгінгі дені сау ұрпақ – елдің ертенгі жалғасы. Халқымыздың тіршілігі мен бірлігі, жарқын келешегі көп ретте денсаулық мәдениетінің қаншалықты дәрежеде қалыптасуына байланысты. Денсаулық – ел дамуының басты арқауы. Денсаулық сақтау-біздің өміріміздегі келелі мәселелердің, үшінші мыңжылдыққа атаған еліміз үшін өзекті міндеттердің бірі.

Өткен жылдың 15-қарашасында Шонжы педагогикалық колледжінде студенттер арасында «Құқықбұзушылықтың алдын алу-басты міндет» тақырыбында жарыс өтті. Мақсаты-студенттер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу, алкогольдік ішімдіктердің, есертінің, электрондық темекелердің зияны туралы түсіндіру,



шыншыл да әділетті және парасатты тұлғаны қалыптастыру.

Кездесу барысында студенттерге кәмілет жасқа толмаған жастар арасында құқықтық сауаттылықты арттыру, бопсалау, әлімжеттік, бөтен мүлікті ұрлау немесе тонау, жыныстық тиіспеушіліктің алдын алу, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың, ерте жүктіліктің алдын алу туралы ақпараттар айтылып өтті. Сонымен қатар студенттерді жалпы құқықбұзушылық әрекеттерден аулақ болуға шақырып, кәмілет жасқа толмағандар заңды өкілсіз кешкі сағат 23.00-ден бастап көшеге өз беттерімен шығуға болмайтынын және 22.00-ден бастап ойын-сауық орталықтары мен кафе-мейрамханаларда қосымша жұмысқа шықпау керектігі ескертіліп айтылды.

Кездесудің қорытындысында студенттер құқықбұзушылықтың алдын алуда тұжырымды ой-пікірлерін ортаға салды.

Сондай-ақ, өткен жылы Ұйғыр аудандық әкімдік ғимаратында «Сарбаз болғым келеді» атты жастармен кездесу өтті. Ұлттық ұланға әскерге міндетті жастармен кездесу өткізіп, онда Шонжы ауылдық округінің әкімі А.Аширов, аудандық қорғаныс бөлімінің басшысы А.Адильханов, төтенше жағдай бөлімінің бастығы Р.Махпиров, аудандық әжелер кеңесінің төрайымы Р.Сартоловалар жиналыс барысында жастарға сапалы білім мен саналы тәрбие беруде қай кезде де өзектілігін жоғалтқан емес екендігін түсіндіре келіп, жастардың әскерге деген көзқарастарын өзгертіп, еліміздің салт дәстүрі мен мәдениетіне құрметпен қарауға шақырды. Осылайша, құрылғанына аз уақыт қана болған жастардың жаңа ұйымы кең қанат жайып келеді.

М.МУРТУЗАЕВА,
Ұйғыр аудандық «Алатау жастары» ұжымының жетекшісі.

Газетіміздің осы санын дайындаған Роза АЙДАРБЕКОВА

АЛАТАУ
Ардагері

Басылым 2023 жылғы 7 қыркүйектен шыға бастады

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Ардагер ұйымы»
Республикалық қоғамдық бірлестігі
Алматы облыстық филиалы
Директор:
Ерболат ТҰРЫМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР:
Роза Айдарбекова
Тел.: 8 777 251 9310

ТІЛШІЛЕР:

Алтынбай Сықымбек
Тел.: 8 705 965 3661

Рамазан Елешев
Тел.: 8 747 706 1334

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

«Алатау ардагері» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.

Газет аптасына 1 рет – жұма күні шығады

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап бермейді.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылдың 21 тамызында тіркеліп KZ91VPY00075894 номерлі куәлігі берілген.

Газет «Алматы-Боашақ» акционерлік қоғамының баспаханасында басылды. Алматы қаласы С.Мұқанов көшесі, 223-В.

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Қонаев қаласы, Жамбыл көшесі, 13/1.
«Алатау ардагері» газеті басылымының бүгінгі санның таралымы – 6060
Тапсырыс №222
Индексі – 65472.